

2012 жылғы 18 мамырдағы № 152 "Индер ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 221 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 28 тамызда № 4-6-135 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 216 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің
13.06.2014 № 216 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5) тармақшасына, 20 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 18 мамырдағы "Индер ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 152 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4-6-130 тіркелген, аудандық "Дендер" газетінің 2012 жылдың 21 маусымындағы № 25 (7864) санында жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:
қосымшаға сәйкес 1 қосымша 22 тармақпен толықтырылсын:

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә. Балахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

4. Индер ауданы әкімі аппараты осы қаулыны интернет-ресурста жариялануын қамтамасыз етсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Б. Иманғазиев

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2012 ж ы л ғ ы 30 ш і л д е д е г і № 221
қаулысымен бекітілген қосымша

Ұйымдардың тізбесі және қоғамдық жұмыстардың түрлері

№	Ұйымдардың тізбесі	Қоғамдық жұмыстың түрі
22	"ИнТехЖайық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сумен қамту, су, кәріз жүйелері құбырларының жөндеуіне қатыс құрылыс жұмыстары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК